Тексерілді: [signature]

***Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы***
***Ақпан айының 1-аптасы***

***Топ:*** *«Күншуақ»орта топ*
***Балалардың жасы:*** *3 жас*
***Қандай кезеңге жасалды:*** *02.02 – 06.02.2026ж*
***Апта дәйексөзі: «Келешек-білімді жастың қолында»***

| ***Күн тәртібінің үлгісі*** | ***Дүйсенбі «Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Балаларды қабылдау*** | ***Күй күмбірі – баланы ұлттық өнер арқылы тәрбиелеу. «Кең жайлау»*** | ***Күй күмбірі – ұлттық құндылықты құрметтеуге үйрету. «Көңіл толқыны»*** | ***Күй күмбірі – баланы ұлттық өнермен қарсы алу, рухани байлыққа жетелеу. «Адай»*** | ***Күй күмбірі – баланың жүрегіне ұлттық тәрбие ұялату. «Шалқыма»*** | ***Күй күмбірі –тіл мен дәстүрге құрмет қалыптастырады. «Ақжауын»*** |
| | *Балаларды есік алдында күлімсіреп қарсы алу. Баланың көңіл-күйін бақылау (қуанышты, мазасыз, ұйқышыл т.б.). Баланы шағын топпен ойнауға тарту.* | *Баланы қуыршақпен немесе ойыншық аюмен қарсы алу. Киімін шешуге көмектесу. Жұмсақ кілемшенің үстінде тыныш ойынға шақыру.* | *Баланы қолынан ұстап, топқа бірге кіргізу. Пазлдың қарапайым бөліктерін беру. Жанында отырып, «сенің орның осында» деп сенімділік беру. Қысқа әуен қосып, көңілін көтеру.* | *Таңғы жылы амандасу Баланы топ бұрыштарына (кітап, сурет салу, құрастыру) еркін орналастыру. Баланың эмоционалды жағдайына ерекше назар аудару.* | *Баланы «Сиқырлы қорапшамен» қарсы алу (ішінен ойыншық таңдату). Таңдаған ойыншығын беріп, көңілін бөлу. Баланы қасында отырып, жай әңгімеге тарту.* |
| *Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды* | ***Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.*** | | | | |
| | ***Әңгіме:*** *Әдептілік пен сыпайылық –* | ***Әңгіме:*** *Мейірімділік – адамдарды* | ***Әңгіме:*** *Тәртіп – тәрбиенің негізі.* | ***Әңгіме:*** *Тәртіп – тәрбиенің негізі.* | ***Әңгіме:*** *Қамқорлық – адамгершіліктің* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру* | *баланың адамгершілігінің айнасы. Үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу – тәрбиенің негізі.*<br>***Кеңес:** Балаңызды «Рахмет», «Кешір», «Өтінемін» деген сыпайы сөздерді қолдануға дағдыландырыңыз. Бұл – ізеттілік пен әділ қарым-қатынасты қалыптастырады.* | *жақындастыратын ең асыл қасиет. Мейірімді бала айналасына қуаныш сыйлайды.*<br>***Кеңес:** Балаңызды ойыншықпен бөлісуге, достарына көмектесуге үйретіңіз. Бұл – мейірімділік пен жанашырлықты қалыптастырады.* | *Тәртіпті бала уақытты бағалап, жауапкершілікті сезінеді.*<br>***Кеңес:** Балаңызды күн тәртібін сақтауға, уақтылы тамақтанып, ұйықтауға дағдыландырыңыз. Бұл – тәртіп пен жинақылыққа баулиды.* | *Тәртіпті бала уақытты бағалап, жауапкершілікті сезінеді.*<br>***Кеңес:** Балаңызды күн тәртібін сақтауға, уақтылы тамақтанып, ұйықтауға дағдыландырыңыз. Бұл – тәртіп пен жинақылыққа баулиды.* | *белгісі. Қамқор бала айналасына жанашырлықпен қарайды.*<br>***Кеңес:** Балаңызды достарына көмектесуге, үйдегі шағын жұмыстарға қатысуға үйретіңіз. Бұл – қамқорлық пен жауапкершілікті дамытады.* |
| *Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)* | ***Картотека №13***<br>***«Не жоқ?»***<br>*Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.* | ***Картотека №15***<br>***Танып ал да, атын ата***<br>*Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.* | ***Картотека № 16***<br>***«Үй жануарлары»***<br>*Ойын шарты: Дөңгелене отырып, ғажайып қалтадан үй жануарларын алып, алған жануардың дене мүшелерін атату, олар туралы мейірімді сөздер айту.* | ***Картотека № 17***<br>***«Менің сүйікті ертегім»***<br>***Мақсаты:** ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке, жолдастыққа тәрбиелеу.* | ***Картотека № 18***<br>***«Құстар біздің досымыз»***<br>***Мақсаты:** Балаларға құстар туралы білім беру,білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.* |
| | ***Коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Ертеңгілік жаттығу* | *Ақпан айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Ақпан айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Ақпан айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Ақпан айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Ақпан айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | | |
| *Таңғы ас* | ***Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту*** | | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Балалар, біздің ішетін асымыздың бәрінде дәрумендер бар. Сүт сүйекті қатайтады, ет күш береді, нан тоқ қылады. Бәрін тауысып жесек, деніміз сау, көңіліміз көтеріңкі болады.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Асымызды тауысып жегенде өзімізді мықты сезінеміз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыстық асты бірден ішпейміз, үрлеп барып ішеміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Әрбір ас – ата-анамыздың еңбегі. Оған құрметпен қарасақ, үлкендерді қуантамыз.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Үлкенді сыйлаған бала мейірімді болады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас үстінде ыдысты ойыншық қылмаймыз, қолымыздан түсіріп алмау үшін абай ұстаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Суды да, тамақты да үнемдесек, ол жауапкершілігімізді көрсетеді.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Жауапты бала өзін де, басқаны да ойлайды.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Су төгілсе сүртіп аламыз, еденге қарап жүреміз, жүгірмейміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Жемістер мен көкөністер бізге қуат береді. Сүт өнімдері мен ет те дәруменге толы. Оларды жесек, сергек жүреміз.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Сергек бала ойнағанда да, үйренгенде де көңілді болады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Жемісті асықпай, жақсылап шайнап жейміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкенде тыныш отырсақ, бәрімізге ыңғайлы. Бұл – тәртіптіліктің белгісі.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Тыныш отырған бала өзін ұстай біледі, өзін-өзі сыйлайды.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас үстінде қатты сөйлемейміз, ауызымызда ас тұрғанда сөйлеспейміз.* |
| *Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық* | | | | | |
| | ***«Қамқор» жобасы***<br>***Ойын: «Жоғалған*** | ***«Шабыт» жобасы***<br>***Ойын: «Сиқырлы музыка»*** | ***«Еңбегі адал жас өрен» жобасы*** | ***«Смарт бала» жобасы*** | ***«Ұшқыр ой алаңы» жобасы*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *(бұдан әрі – ҮІӘ)* | ***ойыншыққа көмектесейік»***<br>*Тәрбиеші: «Ойыншық досымыз үйін таба алмай жүр. Қалай көмектесеміз?» – деп балалардан кеңес сұрайды.*<br>*Балалар: «Жол көрсетеміз», «Қасына ертіп апарамыз».*<br>***Мақсаты:*** *баланы жанашырлыққа, қамқорлық жасауға баулу.* | *Әуен қосылады. Балалар музыкаға сай қимыл ойлап табады (құстың ұшуы, гүлдің ашылуы).*<br>*Әр бала өз қимылын көрсетеді.*<br>***Мақсаты:*** *қиялды, шығармашылық қабілетті дамыту.* | ***Ойын: «Кім еңбекқор?»***<br>*Тәрбиеші суреттер көрсетеді: бір бала ойыншық жинап жатыр, екіншісі шашып жүр.*<br>*Балалар: «Мынау еңбекқор, мынау жалқау».*<br>***Мақсаты:*** *жақсы мен жаман қылықты ажырата білуге үйрету.* | ***Ойын: «Не жетіспейді?»***<br>*Үстелге заттар қойылады (доп, қасық, кітап). Біреуін тәрбиеші жасырады.*<br>*Балалар: «Доп жоқ!», «Кітап жоқ!» дейді.*<br>***Мақсаты:*** *зейінді, есте сақтауды дамыту.* | ***Ойын: «Қайда тұрады?»***<br>*Тәрбиеші: «Балық қайда тұрады?»*<br>*Балалар: «Суда!»*<br>*«Қоян қайда тұрады?» – «Інде!»*<br>*«Көлік қайда жүреді?» – «Жолда!»*<br>***Мақсаты:*** *логикалық ойлауын дамыту.* |
| *Кестеге сәйкес ҮІӘ* | ***Шабыт жобасы , Қамқор жобасы бағытында - Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында ұіә*** | | | | |
| | ***Дене тәрбиесі***<br>*Кіріспе бөлім.*<br>*Амандасу.*<br>*Ойын гимнастикасы*<br>*Алақанды ашайық,*<br>*Шапалақты соғайық.*<br>*Шап-шап-шапалақ,*<br>*Шап-шап-шапалақ.*<br>*Кәне, маған қара,*<br>*Бәрін бірдей қайтала.*<br>*Бір-екі-үш, бір-екі-үш,*<br>*Бәрін бірдей қайтала (барлық қимылды).*<br>*Оң аяқ, сол аяқ,*<br>*Қаз-қаз бастық біз аздап Топ-топ-топ,* | ***Ой қозғау.***<br>***Дид ойын: «Шатастырма»***<br>*1.Көктемде қар ж ауады.*<br>*2. Қазір жаз мезгілі?*<br>*3.Көктемде қар ер иді?*<br>*4Қыста жапырақ тар сарғаяды?*<br>*5.Жаз ең суық жыл мезгілі?*<br>*7.Қыста құстар жылы* | ***Дене тәрбиесі***<br>*Кіріспе бөлім.*<br>*Амандасу.*<br>*Ойын гимнастикасы*<br>*Алақанды ашайық,*<br>*Шапалақты соғайық.*<br>*Шап-шап-шапалақ,*<br>*Шап-шап-шапалақ.*<br>*Кәне, маған қара,*<br>*Бәрін бірдей қайтала.*<br>*Бір-екі-үш, бір-екі-үш,*<br>*Бәрін бірдей қайтала (барлық қимылды).*<br>*Оң аяқ, сол аяқ,*<br>*Қаз-қаз бастық біз аздап Топ-топ-топ,* | ***Қызығушылықты ояту***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Жұмбақ жасыру*<br>*Дәміде жоқ,түсі жоқ,*<br>*Пайдаланбас кісі жоқ.* ***СУ***<br>***Ой дамыту. АКТ технологиясы.***<br>*-Су туралы түсінік беру.*<br>*-Сұрақ-жауап.*<br>*--Су қандай зат?* | ***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Дид ойын: «Кім жылдам?»***<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Жұрттың бәрі сүйеді,*<br>*Бірақ қарай алмайды.*<br>*(Күн)*<br>***Балалардың білімін нығайту.***<br>*Қыс белгілерін атап берулерін сұрау.*<br>*Бүгін ауа райы қандай болып тұрғанын анықтау* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *топ-топ-топ. Кәне қол, кәне аяқ?*<br>*Ойнайықшы біз аздап*<br>*(Қол-аяқпен еркін қимылдар жасалады).*<br>*Бір-екі-үш,бір-екі-үш,*<br>*Ойнайықшы біз аздап.*<br>*Негізгі бөлім*<br>*Жалпы даму жаттығулары*<br>*Таяқшамен*<br>***Б.қ.: «Мысық оянды »***<br>***1.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /5 рет қайталау./*<br>***Б. қ.: «Кілем қағу»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау «тук-тук-тук»- деп айту. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Шалтай-балтай»*** | *жаққа ұшып кете ді?*<br>***Ой дамыту:***<br>***Дид ойын: «Бұл не?»***<br>*Шарты: Глобусты үстел үстіне қойып, не екенін сұрау.*<br>*-Глобустың пішіні қандай?*<br>*-Глобустан қандай түстерді көріп тұрсыңдар? Ол түстер нені белгілейді?*<br>*-Біздің жерімізде құрғақ жер көп пе, су көп пе?*<br>*Жер ғаламшары туралы түсінік беру.*<br>*Жер бетіндегі ауа, су, жарық болғандықтан, онда адамдар, құстар, жануарлар тіршілік етеді.*<br>***Дид ойын: «Табиғатты аялайық»***<br>*Әр бала тірі* | *топ-топ-топ. Кәне қол, кәне аяқ?*<br>*Ойнайықшы біз аздап*<br>*(Қол-аяқпен еркін қимылдар жасалады).*<br>*Бір-екі-үш,бір-екі-үш,*<br>*Ойнайықшы біз аздап.*<br>*Негізгі бөлім*<br>*Жалпы даму жаттығулары*<br>*Таяқшамен*<br>***Б.қ.: «Мысық оянды »***<br>***1.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /5 рет қайталау./*<br>***Б. қ.: «Кілем қағу»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау «тук-тук-тук»- деп айту. /5 рет қайталау/* | *-Оның қандай пайдасы бар?*<br>*-Судың қасиеттері қандай?*<br>*- Адамдар суды не үшін пайдаланады? (ішеді, жуынады)*<br>*- Суды адамдардан басқа тағы нелер пайдаланады (жануарлар, өсімдіктер)*<br>*-Су аға ма? Неліктен? Өйткені ол сұйық..*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Ал балалар тұрайық,*<br>*Мойнымызды бұрайық.*<br>*Қолымызды созайық,*<br>*Су ішінде қалықтап,*<br>*Кәне, жүзіп алайық,*<br>*Оңға, солға бір қарап,*<br>*Денемізді бұрайық*<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***Дид ойын: «Зерттеушілер»***<br>***Тәжірибе жасау***<br>***1-топ. Сүт пен суға тәжірибе*** | ***Ой дамыту. АҚТ технол жұмыс.***<br>***Күн туралы түсінік беру.***<br>*Күн – жер бетіндегі тіршілік көзі. Адамдар, өсімдіктер, жануарлар жарық, жылуды күннен алады. Сондықтан бүкіл тіршілік атаулыға күнсіз өмір жоқ. Бірақ күнге тік қарауға, ұзақ күюге, баскиімсіз жүруге болмайтынын ескерту.*<br>***Дид ойын «Дәл сондайын тап»***<br>*Шарты: Күннің түсімен, пішіне түстес заттарды көрсетіп атайды.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Күн шығыстан жарқырап шықты, (қолдарын жоғары көтереді, созады)*<br>*Күн батысқа батты. (Тізесін бүгіп отырып, қолдарын төмен түсіреді).*<br>*Тамаша,тамаша,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***3.*** *Аяқты алшақ қоямыз, таяқша төменде қолдарымен ұстау, оңға, солға бұрылу. / 5рет қай/*<br>***Б.қ.: «Дәл тигіз»***<br>***4.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай қайталау. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Көңілді таяқша»***<br>***5.*** *Таяқшаны айналып секіру және жүру. /15-20 секунд/*<br>*Маршпен шеңбер бойы жүру. Еркін жүру.(таяқшаны үстел үстіне қою)*<br>*Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш).*** | *табиғат түрлерін плакатқа жапсырып, табиғат көрінісін бейнелей отырып әңгімелейді.*<br>*Жасыл шөпті жұлуға болмайды, ол біздің жерімізге көрік береді.*<br>*Ағашты кесуге болмайды, ол бізге таза ауа береді.*<br>*Суды ластауға болмайды, сусыз өмір жоқ.*<br>*Гүлді жұлуға болмайды, гүлді аялау керек.*<br>*Көбелекті өлтірмеңдер, ол — әдемілік белгісі.*<br>*Құсты атуға болмайды, құс — адамның досы.*<br>*Аңдарды қорғауымыз керек, олар біздің байлығымыз.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Біз кішкентай баламыз,* | ***Б.қ.: «Шалтай-балтай»***<br>***3.*** *Аяқты алшақ қоямыз, таяқша төменде қолдарымен ұстау, оңға, солға бұрылу. / 5рет қай/*<br>***Б.қ.: «Дәл тигіз»***<br>***4.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай қайталау. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Көңілді таяқша»***<br>***5.*** *Таяқшаны айналып секіру және жүру. /15-20 секунд/*<br>*Маршпен шеңбер бойы жүру. Еркін жүру.(таяқшаны үстел үстіне қою)*<br>*Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:шәйн*** | *Қайсысы көрінетінін, қайсысы көрінбейтінін бақылайды.* ***"Су - мөлдір"***<br>***2- топ. Суға қант пен тұз қосып тәжірибе.***<br>*Суға қант пен тұз қосу және судың өзі дәмін татады.* ***"Суда дәм жоқ"***<br>***3-топ Бояулармен.***<br>*Стакандағы суға әртүрлі субояу қосып, одан түс пайда болғанын бақылау.*<br>***"Су - түссіз"***<br>***4- топ. Су және ванилин***<br>***Яғни:"Судың иісі жоқ"***<br>***Рефлекция***<br>***Сұрақ-жауап***<br>***Су қандай?***<br>***Балалардың жауабы.***<br>***Ө Тұрманжанов «Табиғатты аялайық»***<br>*Сүйейік табиғатты, аялайық!* | *Күнжайнадыжаңаша. Бәрімізгекөңілді Бұлөміртамаша! (Қолсоғады. жымияды).*<br>*Бала үні.*<br>***4.Шығармашылық орталықта жұмыс жасау.***<br>***Дид ойын: «Күн құрастыр»***<br>*Шарты: Бөлшектерден күн құрастырады.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Қорытынды.***<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Музыка***<br>***Педагог жетекшісінің жоспары бойынша***<br><br>***Ұ.О «Қыз қуу»***<br>***Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептелікке баулу.***<br>***Керек құралдар: қамшы, аттың макеті.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Терең тыныс алып, демді шығару.*<br>*Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:*<br>***1.«Қояндар» – алға қарай екі аяқпен секіру****. Өз жұбына қарай секіріп барып, оған қолын тигізіп, жылдам өз орнына тұру. Нұсқау – екіаяқпенбірмезеттеж ігерленеитеріл*у.<br>***2.«Аюлар» – тікебағыттатөртая қтапеңбектеу.***<br>*Аюлар ойнап жүреді – «Аюлар!» деген команда берілгенде, орындарын ауыстырып, залдың қарсы жағына қарай еңбектейді.*<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Балапандар».***<br>*Кішкентай балапанға айналуды ұсынады*<br><br>***Ой қозғау.***<br>***Сұрақ-жауап.***<br>*Балалар табиғат дегеніміз не?* | *Өсіп-өсіп толамыз.*<br>*Күнге қарай талпынып,*<br>*Көкке қолды созамыз.*<br>***6.Ой толғаныс.***<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*-Айналамызды қоршап , жайқалып өскен ағаштар не үшін керек?Табиғат бай лықтарына нелер жатады?*<br>*-Оны қорғау деген не?*<br>*-Табиғатты сүйе білу деген не?*<br><br>***Қазақ тілі***<br>***Тақырыбы: «Көліктер»***<br>***Қызығушылықты ояту****.*<br>***Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Шарты: Көліктер туралы жұмбақтар жасыру.* | ***ектік дыбысын салу(ш-ш-ш).***<br>*Терең тыныс алып, демді шығару.*<br>*Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:*<br>***1.«Қояндар» – алға қарай екі аяқпен секіру****. Өз жұбына қарай секіріп барып, оған қолын тигізіп, жылдам өз орнына тұру. Нұсқау – екіаяқпенбірмезетте жігерленеитеріл*у.<br>***2.«Аюлар» – тікебағыттатөртая қтапеңбектеу.***<br>*Аюлар ойнап жүреді – «Аюлар!» деген команда берілгенде, орындарын ауыстырып, залдың қарсы жағына қарай еңбектейді.*<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Балапандар».***<br>*Кішкентай балапанға айналуды ұсынады.* | *Біз де онан жақсылықты аямайық!*<br>*Анадай табиғаттың аясында*<br>*Жадырап жас балаша дем алайық!*<br><br>***Ұ.О «Түйілген орамал»***<br>***Мақсаты: Балалард ың сөздік қорларының белсенділігін арттырып, тіл ұстарту мақсатында ойлау, түсіну, есте сақтау, жаттап алу қабілеттерін жетілдіру.*** | ***Шарты: Ойынға қыз бен жігіт қатысады. Екеуі де атпен шауып келеді.***<br>***Жігіт атпен қыздың артынан қуады.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Табиғат нешеге бөлінеді?*<br>*Табиғат екіге бөлінеді.*<br>***Өлі, тірі табиғат.***<br>*Қалай ойлайсыңдар тірі табиғатқа не жатады?*<br>*-Дұрыс адамдар, құстар,жануарлар. өсімдіктер,ағаштар*<br>*Яғни, көбиетін, қоректенетін, өсетіндер жанды табиғатқа жатады.*<br>*Ал жансыз табиғатқа не жатады?*<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру:***<br>*Жер бетінде жатады*<br>*Онымен ойнайсың*<br>*Әр түрлі мүсін жасайсың.* ***Құм***<br>***Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс.***<br>***Балалар бүгін сендермен біз ғалымдар боламыз.***<br>*Ал ғалымдар деген кім?* | *Құс сияқты құс емес,*<br>*Жүрсе де тым биікте.*<br>*Қақпайды бір қанатын*<br>*Жүрсе де тым биікте (ұшақ)*<br>*-Арқасында ауыл жур,*<br>*ала тайым шауып жүр.* ***(автобус)***<br>*-Тізбектелген көк үйлер,*<br>*көшіп жүрген көп үйлер.* ***(поезд)***<br>*Әр жұмбаққа түсінік беру.*<br>***Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс.***<br>*-Көлік дегеніміз не?*<br>*-Қандай түрлері бар екен?*<br>*-Жер көлігі, әуе көлігі, су көлігі, темір жол көлігі*<br>*-Ол адам үшін неге қажет?*<br>*-Сендер балабақшаға қандай көлік* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>***Дид ойын: «Кім жылдам?»***<br>*Жұмбақ жасыру*<br>*Бір жерінде ыстық,*<br>*Бір жерінде суық*<br>*Бір жерінде күн,*<br>*Бір жерінде түн*<br>*Кереметалыпнеткен.*<br>***(Жер шары)***<br>***Тыныштық сәті:*** *Та биғат құбылыстары ның дыбыстарын т ыңдау.*<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Ненің дыбысы деп о йлайсыңдар?*<br>*Табиғат –*<br>*бізді қоршаған орта, туған елім, ауа,*<br>*күн мен жер және*<br>*су, орман мен жану арлар.*<br>*Табиғат ншеге бөлінед? Атау.*<br>***Ой дамыту.***<br>*тірі табиғат пен өлі табиғат бір-бірімен* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Дұрыс,бүгін сендермен құмның қассиетін зерттеуге барамыз.*<br>***Саяхат***<br>*Қазақстан еліміз шөлді далалар бар екен.*<br>*Ол жерде шөлге төзімді жануарлар ғана мекендейді.*<br>*мысалы: түйе. кесіртке,құрт т.б*<br>*Балалар қарандаршы құмдар төбешіктер болып жатыр.*<br>*Қане біз алдымыздағы құмнан осындай төбешік жасап көрейік*<br>*Құммен жұмыс жасамай тұрып қауіпсіз ережесін еске түсірейк.*<br>*Ал құмды не үшін пайдалануға болады?*<br>*Құрылыста,ыдысжасағанда ,шыны,айна.*<br>*Балалар сендер ғалымдар боласыңдар.*<br>***Тәжірибе алаңы.***<br>***Тәжрибе№1***<br>***1-нұсқа.*** *Ыдыстағы құмды түтікше* | *түрімен келесіңдер?*<br>*-Автобуспен қайда баруға болады?*<br>*Ол қандай көлік түріне жатады?*<br>*-Пойыздармен қайда баруға болады?*<br>***Ой қозғау.***<br>***Дид ойын: «Өз орнын тап»***<br>*Шарты: Әр көлікті өз тұрағына орналастыр*<br>*Машина-гараж,*<br>*Кеме – айлақ,*<br>*Поезд – депо, Ұшақ –аэрадромда тұрады»*<br><br>***Ұ.О «Тақия тастамақ»***<br>***Мақсаты: Балаларды затты сезінуге үйрету. Жан-жақты дамыту, шапшандыққа, мұқияттылыққа тәрбиелеу.*** | *тығыз байланысын түсіндіру.*<br>***1-аялдама Су***<br>*Сылдырапағыпжатқан не ?*<br>*-Дұрысбұл су.*<br>*-Ал судыңқандайпайдасы бар?*<br>*Су өлітабиғатқажатады,албізадамдар суды ішемізбізгепайдасыөтекөп. Демек өлі табиғат пен тірі табиғат бір-бірімен тығыз байланысы бар ма?*<br>***Сергіту сәті.***<br>***2-аялдама***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру***<br>*Бар ма, жоқпа, оны анық білмейсің*<br>*Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің?*<br>*Ол не ?**АУА***<br>*- Ауа не үшін керек?*<br>*- Ауаның түсі қандай?* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *арқылы үрлейміз.желдің әсерімен жылжып төбешіктерге айналады.*<br>***2-нұсқа.*** *Қасықтың көмегімен төбешік жасау.*<br>*Құм қандай? Сусылдақ, жылжымалы.*<br>***Тәжірибе №2***<br>*Енді ылғалды құмды байқайық, құмды үрлеп көрейік үрленбейді. Жақын көрсететін шынымен қарап құмның пішіндерін анықтайық.*<br>*Енді ылғалды құмды байқайық олар бір-біріне жабысып пішіндер көрінбейді.құмның түсі қандай? Сары,ақшыл ,ал ылғалды құм қара түсті.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Күн болып жанайық*<br>*Мөлдір судай ағайық*<br>*Гүл болып жайнайық*<br>*Терең-терең домалап* | ***Керек құрал: тақия***<br>***Барысы: Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шенбер жасап отырады.***<br>\ | *- Қолмен ұстауға болама, оны көреміз бе*<br>*Табиғат аясындағы ағаштар, әсем гүлдер, тіпті бөлмеміздегі гүлдер де ауадағы шаңды жұтып, бізге таза ауа жіберіп отырады*<br>***Дид ойын: «Зерттеушілер»***<br>***1-тәжірбие:*** *Әр баланың қолына айна беріледі.Балалар айнаға үрлеп, ауаның бар екеніне көз жеткіеді*<br>***2-тәжірбие:*** *Балалар енді мұрнымызды қолымызбен жауып аузымызды ашпай көрейік.*<br>*- ауасызтыныс алуға бола ма?*<br>***Қортынды***<br>*От та, суда, ауа да*<br>*Жан-жануарбарлығы*<br>*Ормантеңізтауларда*<br>*Табиғаттыңбайлығы.*<br>*Бала үні.*<br>***Балаларды мадақтау*** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Жүргіріп-жүгіріп алайық.*<br>***Тәжірибе№3***<br>*Енді стакандағы суға «воронка» қасықпен құм салайық,не байқадық тесіктен өтіп кетті су сияқты ия. Яғни құм сусымалы және ол суға батып кетті ,ол ауыр екенін байқадық*<br>***Ой қозғау.***<br>***Дид ойын: «Тілші»***<br>***Шарты:*** *Балаларға микрофонды беріп ұіә алған білімдерін тексеру.*<br>*Сендерге саяхат ұнадыма?*<br>***Балаларды мадақтау*** | | ***Ұ.О «Ақсерек-көксерек»***<br>***Мақсаты: Балалар ептілікке, бірлікке, тобы үшін***<br>***намыстанып, женіске талпынуға үйренеді.***<br>***Барысы: Балалар екі топқа бөлініп, араларын жиырма қадамдай ашып, тізіліп, қол ұстасып тұрады*** | | |
| *Серуенге дайындық* | ***Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.***<br>***Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*** | | | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Серуен* | ***Картотека № 13***<br>*Торғайды бақылау.* | ***Картотека № 14***<br>*Күнді бақылау.* | ***Картотека № 15***<br>*Бұлтты бақылау.* | ***Картотека № 16***<br>*Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.* | ***Картотека № 19***<br>*Мұздақты бақылау.* |
| | ***Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Қысқы серуен картотекасынан*** | | | | |
| *Серуеннен оралу* | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*** | | | | |
| | ***Киімдерін шешу:***<br>*Балаларды сырт киімдерін ретімен шешіп, орындарына жинақтап қоюға үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап жуу, сүлгісіне сүрту.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде шуламай, тыныштық сақтауды түсіндіру.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Қолдарын жуып болған соң асханаға барады.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Әр баланы киімін бүктеп, сөресіне қоюға дағдыландыру.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын мұқият сабындап жууға үйрету.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Суды шашпауға тәрбиелеу.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Таза қолмен үстелге отыру.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Киімдерін шешкенде бір-бірінің заттарын алмауға үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап жуып, сүлгісін қолдануды қадағалау.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуынғанда сабынды үнемді пайдалану.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Ас ішер алдында қолдарын тексеру.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Балалар киімдерін ретімен шешіп, шкафқа жинайды.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын жақсылап жуу, сүлгісін орнына ілу.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде ойнамауды ескерту.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Балаларды асханаға шақыру.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Киімдерін шешіп болған соң, аяқ киімін де ретімен қоюға үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап жууын қадағалау.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Сумен шашпау, тыныштық сақтау.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Ас алдында қолдарын жуып, үстелге отыру.* |
| *Түскі ас* | ***Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну*** | | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкенде өзімізге жететіндей ғана* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас – ойын емес. Ас ішіп болған соң ғана ойнаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Әрбір түйір ас – еңбектің жемісі. Оны төкпей, ысырап* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішсек, күшті, сергек боламыз. Ас – денсаулыққа пайда.* | ***Әңгіме:***<br>*– Асқа құрмет көрсетсек, дастарқанымыз* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *алайық. Артық алып, қалдыру – дұрыс емес.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкенде асықпай жейміз.* | ***Қауіпсіздік:*** *– Ойыншықты дастарқанға әкелмейміз.* | *қылмай жейік.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты үстелге қатты қоймаймыз.* | ***Қауіпсіздік:*** *– Ыстық асқа үрлеп ішеміз.* | *берекелі болады. Әр асқа алғыс айтайық.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас үстінде шуламаймыз, тыныш отырамыз.* |
| *Күндізгі ұйқы* | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.* | *Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.* | *Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау* | *Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.* | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау* |
| *Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары* | ***№ 3*** *«Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз».* *- «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз. «Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз,* *- «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз.* *- «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз.* *- «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.* *- «Оянамыз,* | ***№5*** *"Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».* *2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту.* *3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау* | ***№6.*** *арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.* *- арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.* *- арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау* | ***№7*** *«Күннің оянуы»* *- «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде.* *- Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді.* *- Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады.* *басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді.* *«Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады* | ***№10*** *Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды)* *Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау)* *Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау)* *Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау)* *Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *аяғым!» - қаз - қаз басамыз.* | | | | |
| | ***Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. «Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| *Бесін ас* | ***Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.*** | | | | |
| | ***Әңгіме:*** *– Қолды сабындап жуу – денсаулық кепілі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Су шашпай, абайлап жуамыз.* | ***Әңгіме:*** *– Нан – дастарқанның берекесі. Нанды аяқ асты етпейміз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Нанды ауызға толтыра салмаймыз.* | ***Әңгіме:*** *– Ас кезінде тыныш отырамыз, таласпаймыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты бір-бірімізге ысырмаймыз.* | ***Әңгіме:*** *– Ас ішіп болған соң ыдысты ретімен қою – ұқыптылықтың белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты қатты соқпаймыз.* | ***Әңгіме:*** *– Тамақты мөлшермен ғана аламыз. Артық қалдырмаймыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішіп отырғанда ойнамаймыз.* |
| *Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)* | ***«Сиқырлы түстер» дидактикалық ойыны*** ***Мақсаты:*** *ойын барысында балалар түстер мен реңктерге қызығушылықтаны тып, табиғат сұлулығын сезіне біледі.* ***Ресурстар:*** *түрлі түсті карточкалар.* ***Ойын барысы:*** *балаларға түрлі-түсті квадраттармен* | ***Дид ойын:«Керемет орман»*** ***Ойынның мақсаты:*** *балалар өз қиялында схемалық бейнелеуге сүйене отырып тақырыпты түсіне біледі.* ***Материал:*** *бірдей қағаз парақтары, оған бірнеше ағаштар салынған және аяқталмаған, пішінделмеген кескіндер әр жерде орналасқан. Түрлі-* | ***Дид ойын: «Көкөністер мен жемістер»*** ***Мақсаты:*** *жемістер мен көкөністерді сипаттап айтуды,олардың пайдасы туралы біледі.* ***Құрал-жабдықтары:*** *Жемістер мен көкөністердің суреттері* ***Ойынның барысы:*** *Көкөністер мен жемістер суретттерін салатын* | ***Дид ойын: «Суретші»*** ***Мақсаты:*** *Есте сақтай отырып, жұмыс жасай алады. Ресурстар: Ақ парақ, қарындаш* ***Жүргізілу барысы:*** *Тәрбиеші балаларға кез-келген геометриялық бейнені салуды ұсынады. (төрбұрыш, үшбұрыш, шаршы) Салуға арналған бейненің санын бала өзі таңдайды.* | ***Дид ойын: «Қуыршақты киіндір»*** ***Мақсаты:*** *Қуыршақтың жетіспейтін киім-кешегін қиып жасауды біледі.* ***Ресурстар:****Конверт ішінде қатырма қағаздан қиылған қуыршақ бейнесі, ұл және қыз баланың киімдерінің 2-3 түрі.* ***Жүргізілу барысы:*** *Тәрбиеші әр балаға конверт үлестіріп береді. Балалар* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *карточкалар беру. Содан соң педагог бір сөз айтады, мысалы, қайың. Қара, ақ және жасыл төртбұрыштары бар балалар оларды өсіреді.* ***Жол қауіпсіздігі «Қандай белгіні тап?» Міндеттері: Балаларға жол белгілерін ажырата білуге үйрету, балалардың жол ережелері туралы білімдерін бекіту; алған білімдерін күнделікті өмірде өз бетінше пайдалану қабілеттерін дамыту*** | *түсті қарындаштар жиынтығы.* ***Ойын барысы:*** *ересек адам балаларға парақ таратып, ғажайыптарға толы орман салуды ұсынады, содан кейін ол туралы әңгімелеп береді.* ***«Кішкентай тігіншілер әлемі» (Бағдарлама)*** | *қалташалар тақтаға ілінеді. Үстер үстінде суреттер аралас жатыр. Шақырылған бала өзіне ұнаған жеміс немесе көкөністі танып алады да қалтаға салады. Қайда өсетіні, түсі, пішіні, дәмі туралы сипаттап айтады.* | *Тапсырманы орындап біткенннен кейін тәрбиеші балалардың суреттерін жинап алып, суретте не слалынғанын, қанша екенін естеріне түсіруді сұрайды.* ***Қауіпсіздік ережесі «Жедел жәрдем» Мақсаты. Қажет болса, балаларды жедел медициналық көмекке 03-те қоңырау шалуға үйретіңіз.*** | *конвертті ашып қуыршаққа арналған киімдерді атын атап, ретімен киіндіреді.* ***Өрт қауіпсіздігі «Викториналық карточка» Мақсаты: Балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін бекіту. Есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.*** |
| *Балалармен жеке жұмыс* | ***Тақырыбы: «Сиқырлы қорапша» Мақсаты:*** *Бала зейінін, есте сақтауын дамыту.* ***Шарты:*** *Қорапшаға бірнеше ұсақ* | ***Тақырыбы: «Көңіл-күйді тап» Мақсаты:*** *Баланың эмоцияларын тану дағдысын қалыптастыру.* ***Шарты:*** *Балаға түрлі смайликтер* | ***Тақырыбы: «Артық затты тап» Мақсаты:*** *Салыстыру арқылы ойлау қабілетін дамыту.* ***Шарты:*** *Үш сурет көрсетіледі (алма, алмұрт, машина). Бала* | ***Тақырыбы: «Жылы сөз айт» Мақсаты:*** *Баланың коммуникативтік дағдысын жетілдіру.* ***Шарты:*** *Тәрбиеші балаға: «Маған жылы сөз айтшы» дейді.* | ***Тақырыбы: «Сиқырлы қимылдар» Мақсаты:*** *Есте сақтау мен қимыл-қозғалысты дамыту.* ***Шарты:*** *Тәрбиеші бір қимыл көрсетеді (шапалақтау, қол* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *ойыншық салынады. Бала 10 секунд қарайды, сосын қорап жабылады. «Қандай ойыншықтар бар еді?» деп сұралады.* | *көрсетіледі. «Қайсысы қуанышты? Қайсысы ренжіген?» деп сұралады. Бала өз көңіл-күйін де көрсетеді.* | *артық затты табуы керек.* | *Мысалы: «Сіз әдемісіз», «Сіз жақсысыз».* | *көтеру), бала қайталайды. Кейін 2–3 қимылды қатарынан қайталатады.* |
| *Серуенге дайындық* | ***«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*** | | | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.* | *Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* |
| *Серуен* | ***Картотека № 13*** *Торғайды бақылау.* | ***Картотека № 14*** *Күнді бақылау.* | ***Картотека № 15*** *Бұлтты бақылау.* | ***Картотека № 16*** *Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.* | ***Картотека № 19*** *Мұздақты бақылау.* |
| | ***Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| *Серуеннен оралу* | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*** | | | | |
| | ***Киімдерін шешу:*** *Балаларды сырт киімдерін ретімен шешіп, орындарына жинақтап қоюға* | ***Киімдерін шешу:*** *Әр баланы киімін бүктеп, сөресіне қоюға дағдыландыру.* ***Тазалық*** | ***Киімдерін шешу:*** *Киімдерін шешкенде бір-бірінің заттарын алмауға үйрету.* | ***Киімдерін шешу:*** *Балалар киімдерін ретімен шешіп, шкафқа жинайды.* ***Тазалық*** | ***Киімдерін шешу:*** *Киімдерін шешіп болған соң, аяқ киімін де ретімен қоюға үйрету.* ***Тазалық процедуралары:*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап жуу, сүлгісіне сүрту.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде шуламай, тыныштық сақтауды түсіндіру.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Қолдарын жуып болған соң асханаға барады.* | ***процедуралары:***<br>*Қолдарын мұқият сабындап жууға үйрету.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Суды шашпауға тәрбиелеу.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Таза қолмен үстелге отыру.* | ***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап жуып, сүлгісін қолдануды қадағалау.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуынғанда сабынды үнемді пайдалану.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Ас ішер алдында қолдарын тексеру.* | ***процедуралары:***<br>*Қолдарын жақсылап жуу, сүлгісін орнына ілу.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде ойнамауды ескерту.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Балаларды асханаға шақыру.* | *Қолдарын сабындап жууын қадағалау.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Сумен шашпау, тыныштық сақтау.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Ас алдында қолдарын жуып, үстелге отыру.* |
| *Кешкі ас* | ***Үнемді тұтыну- «Суды,тамақты,энергияны, үнемді тұтыну»***<br>*Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)*<br>*Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою,*<br>*Сырттан келіп үнемі,*<br>*Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері;*<br>*Балалардың ұқыптылығын бағалау* | | | | |
| *Балалардың дербес әрекеті* | *Құрылыс және құрастыру ойындары «Конструкторлар құрастыр»* | *Үстел үсті ойындары; «Домино», «Лото», лабиринт «пазлдар"психикалық процестерін дамытуға бағытталған ойындар* | *Еңбек әрекеті*<br>*Жууға болатын ойыншықтарды жуу.*<br>*Міндеттері: ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю, шүберекпен* | *Ертегілер, өлеңдер, жаңылтпаштар, мақалдар қайталау* | *Музыка әуенімен ән айту, би билеу* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *сүрту қабілетін қалыптастыру* | | |
| *Балалардың үйге қайтуы* | ***Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.*** | | | | |
| | *Бүгін балалар сурет дәптеріне нүктелерді қосып қарапайым сурет жасады. Көз–қол үйлесімділігін дамытты. Үйде балаңызбен «нүктелерді қос» ойынын ойнау пайдалы.* | *Бүгін балалар түрлі иістерді ажыратуға тырысты (гүл, сабын, жеміс). Сезім мүшелерін дамытуға талпынды. Үйде жеміс-жидектің иісін таныстырып, «Бұл не?» деп сұрау пайдалы.* | *Бүгін балалар қарапайым «дөңгелек, үшбұрыш, шаршы» пішіндерден үй салды. Қиялын іске қосты. Үйде қағаздан пішін қиып, сурет құрастыруға көңіл бөліңіздер.* | *Бүгін балалар айна алдында «кім қалай қимылдайды?» ойынын ойнады. Өзін-өзі бақылауға үйренді. Үйде айна алдында әртүрлі қимылды қайталау қызықты болады.* | *Бүгін балалар музыка тоқтағанда «қатып қалу» ойынын ойнады. Зейінін шоғырландырып, тыңдауға үйренді. Үйде осындай «тоқта!» ойынын ойнау пайдалы.* |

Тексерілді:

**_Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы_**
**_Ақпан айының 2-аптасы_**

**_Топ:_** _«Күншуақ»орта топ_
**_Балалардың жасы:_** _3 жас_
**_Қандай кезеңге жасалды:_** _09.02 – 13.02.2026ж_
**_Апта дәйексөзі: «Жаңалық-жасампаз ойдан басталады»_**

| **_Күн тәртібінің үлгісі_** | **_Дүйсенбі «Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау_** | **_Сейсенб_** | **_Сәрсенбі_** | **_Бейсенбі_** | **_Жұма_** |
|---|---|---|---|---|---|
| **_Балаларды қабылдау_** | **_Күй күмбірі – ел тарихын білуге баулу. «Айжан қыз»_** | **_Күй күмбірі – өнер мен қолөнерді қадірлеуге үйрету. «Жастар биі»_** | **_Күй күмбірі –баланы салт-дәстүрге жақындату «Балбырауын»_** | **_Күй күмбірі –аланы ұлттық өнер арқылы тәрбиелеу, мәдениетке баулу. «Саржайлау»_** | **_Күй күмбірі – баланың бойына әсемдік пен ұлттық сезім ұялату. «Табиғат»_** |
| | _Баланы ойыншық қоянмен қарсы алу. Қоянмен бірге үстелге отыруға шақыру. Баланы құрастыру бұрышына бағыттау._ | _Баланы есіктен кіргенде күлімдеп қарсы алу. Достарымен амандасуға бағыттау. Үстел үсті ойыншықтарына қызықтыру. Баланың көңіл-күйін бақылау._ | _Баланы есімімен атап қарсы алу. Ойын бұрышына еркін орналастыру. Баланы сурет салу бұрышына бағыттау._ | _Баланы күлімсіреп қарсы алу. «Сәлеметсіз бе» деп жауап беруге үйрету. Құрастыру ойындарына қызықтыру. Достарымен ортақ ойынға қосу._ | _Баланы сабырлы үнмен қарсы алу. Ойыншық аю немесе қуыршақ арқылы амандастыру. Достарына жақындастыру. Баланы үстел үсті сурет бояуға бағыттау_ |
| _Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен_ | **_Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру._** | | | | |
| | **_Әңгіме:_** _Ізеттілік – әдемі қарым-қатынастың_ | **_Әңгіме:_** _Сенімділік – баланың тұлға болып қалыптасуына әсер_ | **_Әңгіме:_** _Жақсылық жасау – мейірімнің көрінісі._ | **_Әңгіме:_** _Еңбек – тәрбиенің алтын қазығы. Еңбекқор бала_ | **_Әңгіме:_** _Қуаныш пен шаттық – баланың жан дүниесін байытады._ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *әңгімелесу, кеңес беру* | *бастауы. Ізетті бала әрқашан сыйлы болады.* ***Кеңес:*** *Балаңызды үлкендерге сәлем беруге, сөйлескенде «Апай», «Аға» деп құрметпен айтуға үйретіңіз.* | *етеді. Сенімді бала өзіне жауапты болады.* ***Кеңес:*** *Балаңызды өз ойын ашық айтуға, тапсырманы соңына дейін орындауға дағдыландырыңыз.* | *Жақсылықты үйренген бала айналасында сыйлы болады.* ***Кеңес:*** *Балаңызды досына көмектесуге, кішкентай сыйлық жасауды әдетке айналдыруға үйретіңіз.* | *әрқашан жетістікке жетеді.* ***Кеңес:*** *Балаңызды үстел жинау, ойыншықтарын орнына қою сияқты еңбектің қарапайым түрлеріне дағдыландырыңыз.* | *Көңілді бала әрқашан белсенді болады.* ***Кеңес:*** *Балаңызға күлімдеуді, жақсы сөз айтуды үйретіңіз. Бұл – оның көңіл-күйін көтереді.* |
| *Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)* | ***Картотека № 4 «Затты сипаттау» Мақсаты:*** *Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың, сөздік қорын байыту.* | ***Картотека № 7 «Табиғат құбылыстарын ата»*** *Мақсаты: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.* | ***Картотека № 9 «Бұл қандай құс?»*** *Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.* | ***Картотека № 11 «Жалпы атауын ата»*** *Мақсаты: Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ен соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.* | ***Картотека № 13 «Не артық?»*** *Мақсаты: Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Суретте тұрған артық затты таба білу, сипаттама беру.* |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| *Ертеңгілік жаттығу* | *Ақпан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Ақпан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Ақпан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Ақпан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Ақпан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | | |
| *Таңғы ас* | ***Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту*** | | | | |
